

Әскери (арнаулы) оқу орындары курсанттарының (тыңдаушыларының) келісім-шарт бойынша әскери қызметі туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 24 қыркүйектегі N 972 Қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006.08.17. N 777 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006.08.17. N 777 қаулысымен.

"Келісім-шарт бойынша әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 20 наурыздағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Әскери (арнаулы) оқу орындары курсанттарының (тыңдаушыларының) келісім-шарт бойынша әскери қызметі туралы ереже бекітілсін.

2. Осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2003 жылғы 24 қыркүйектегі
N 972 қаулысымен
бекітілген

Әскери (арнаулы) оқу орындары курсанттарының (тыңдаушыларының) келісім-шарт бойынша әскери қызметі туралы ереже

Осы Ереже "Келісім-шарт бойынша әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 20 наурыздағы Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес әскери (арнаулы) оқу орындары курсанттарының (тыңдаушыларының) (бұдан әрі - курсанттар) келісім-шарт бойынша әскери қызметі туралы келісім-шарттың нысанын, оны жасасу, ұзарту, өзгерту, бұзу және тоқтату тәртібін айқындайды.

1. Келісім-шартты жасасу, ұзарту және өзгерту тәртібі

1. Курсанттар келісім-шарт бойынша әскери қызметке оқуға қабылданған күні он жеті жасқа жеткен ер және әйел жынысты, бірақ жиырма бір жастан үлкен емес адамдар, сондай-ақ әскери (арнаулы) оқу орындарында оқуға ниет білдірген 23 жасқа дейінгі әскери қызметшілер қабылданады.

2. Қазақстан Республикасының әскери (арнаулы) оқу орындарына өз еркімен қабылданатын адамдар, сондай-ақ уәкілетті мемлекеттік органның жіберуі бойынша шетелдік мемлекеттердің әскери (арнаулы) оқу орындарына өз еркімен қабылданатын адамдар қосымшаға сәйкес әскери (арнаулы) оқу орнында оқитын мерзімге және бір мезгілде Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде офицерлік құрамның лауазымдарында әскери (арнаулы) оқу орнын бітіргеннен кейін күнтізбелік есептеуде он жылға әскери қызметті өткеру туралы келісім-шарт жасалады.

Келісім-шарт қабылдау комиссиясының әскери (арнаулы) оқу орнына қабылдау туралы шешуінен кейін жасалады.

3. Келісім-шарт жазбаша нысанда, екі данада жасалады және тараптардың қолдары қойылады. Келісім-шарттың бір данасы келісім-шарт бойынша әскери қызметке қабылданған адамның жеке іс қағазында сақталады, екіншісі оның қолына беріледі.

4. Қазақстан Республикасының әскери (арнаулы) оқу орындарында оқитын курсанттармен келісім-шартқа уәкілетті мемлекеттік органның атынан әскери (арнаулы) оқу орнының тиісті бастығы қол қояды.

Шетел мемлекеттерінің әскери (арнаулы) оқу орындарында оқитын курсанттармен келісім-шартқа уәкілетті мемлекеттік органның атынан оның өкілі қол қояды.

5. Әскери қызметті өткеру туралы келісім-шарт екі тарап қол қойған күннен бастап күшіне енеді және жасалған мерзімнің аяқталуы бойынша немесе оны бұзуға байланысты өзінің қолданылуын тоқтатады.

6. Курсанттардың келісім-шарт бойынша әскери қызметінің басталуы келісім-шартта және адамды әскери (арнаулы) оқу орнына қабылдау туралы бұйрықта көрсетілген күн болып саналады.

7. Уәкілетті мемлекеттік орган мен келісім-шарт бойынша әскери қызметті өткеріп жүрген әскери қызметші (келісім-шарт бойынша әскери қызметке қабылданатын адамның) арасындағы қарым-қатынастар Заңмен, басқа да нормативтік құқықтық кесімдермен және оларға сәйкес жасалған келісім-шартпен реттеледі.

8. Келісім-шарттың талаптары біржақты тәртіппен өзгертілуі мүмкін емес. Келісім-шарттың жекелеген талаптарының жарамсыздығы келісім-шартты толығымен жарамсыз деп тануға әкеп соқтырмайды.

9. Келісім-шарттың талаптары, егер олар Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмесе тараптардың орындауы үшін міндетті болып табылады.

2. Курсанттармен келісім-шартты тоқтату және бұзу

10. Келісім-шарт:

- 1) мерзімнің аяқталуы бойынша, егер тараптардың келісімі бойынша келісім-шарт ұзартылмаса;
- 2) денсаулық жағдайы бойынша, әскери-дәрігерлік комиссияның әскери қызметке жарамсыздығын мойындауына байланысты;
- 3) соттың айыптау үкімінің заңды күшіне енуіне байланысты тоқтатылуы мүмкін.

11. Келісім-шарт:

- 1) Тараптардың келісім-шарт талаптарын орындамауына байланысты;
- 2) әскери қызметшінің қызметке дәлелсіз себептермен шықпауына байланысты бұзылуы мүмкін.

12. Келісім-шарт бойынша әскери қызметті өткеретін әскери қызметші:

- 1) оған қатысты келісім-шарттың талаптарын елеулі немесе жүйелі бұзылуына байланысты;
- 2) отбасы жағдайы бойынша әскери қызметтен мерзімінен бұрын босатылуы мүмкін.

Әскери (арнаулы) оқу орындары
курсанттарының (тыңдаушыларының)
келісім-шарт бойынша әскери қызметі
туралы ережеге
қосымша

Әскери (арнаулы) оқу орнында курсанттардың (тыңдаушылардың) әскери қызметті өткеру туралы және бір мезгілде әскери (арнаулы) оқу орнын бітіргеннен кейін әскери қызметті өткеру туралы
Келісім-шарт

(уәкілетті мемлекеттік органның атауы, оның орналасқан жері)
атынан

(уәкілетті мемлекеттік органның лауазымды адамының әскери

атағы, тегі, аты, әкесінің аты және лауазымы)
және

(келісім-шарт бойынша әскери қызметке қабылданатын адамның

тегі, аты, әкесінің аты, оның жеке басын куәландыратын құжаттың

нөмірі және берілген күні, әлеуметтік жеке кодының нөмірі, салық

төлеушінің тіркеу нөмірі)

заңнамада және осы келісім-шартта белгіленген жағдайларда Әскери (арнаулы) оқу орнында курсанттардың (тыңдаушылардың) әскери қызметті өткеру туралы және бір мезгілде әскери (арнаулы) оқу орнын бітіргеннен кейін Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде офицерлік құрамның лауазымдарында күнтізбелік есеппен он жылға әскери қызметті өткеру туралы келісім-шартты жасасты.

1. Келісім-шарт бойынша әскери қызметке қабылданатын адам "Келісім-шарт бойынша әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 20 наурыздағы Заңының (бұдан әрі - Заң) 10-бабы 2-тармағының 3) және 6) тармақшаларында, сондай-ақ 18-бабының 3-тармағында көзделген шарттармен танысты және әскери қызметі зиянды және қауіпті жағдайлары туралы, сондай-ақ әскери (арнаулы) оқу орнында оқуға және келісім-шарт бойынша әскери қызмет міндеттерін атқаруға байланысты құқықтардың шектелуі мен материалдық жауапкершілік туралы ескертілді.

2. Келісім-шарт бойынша әскери қызметке қабылданатын адам өз еркімен мыналарға міндеттеме береді:

1) әскери (арнаулы) оқу орнын бітіргеннен және оған алғашқы офицер атағы берілгеннен кейін Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері офицерлік құрамының лауазымдарында заңнамада және осы келісім-шартта белгіленген жағдайларда күнтізбелік есеппен он жыл қызмет өткеруге;

2) Қазақстан Республикасының Конституциясын және қолданылып жүрген заңнамасын, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жарғыларын сақтауға;

3) әскери тәртіп пен қызметтік этика нормаларын сақтауға;

4) келісім-шарт бойынша әскери қызмет өткеріп жатқан әскери қызметшілер үшін қолданылып жүрген заңнамамен белгіленген шектеулерді қабылдауға;

5) қызмет процесінде мемлекеттік мүлікке зиян келтіруге жол бермеуге;

6) келісім-шартпен белгіленген әскери қызмет міндеттерін адал орындауға;

7) командирлердің (бастықтардың) және өзге де лауазымды адамдардың оларға өкілеттіліктер шегінде берілген бұйрықтары мен өкімдерін орындауға;

8) оған сеніп тапсырылған мемлекеттік, әскери, қызметтік және заңмен қорғалатын өзге де құпияларды құрайтын мәліметтерді, соның ішінде әскери қызметті тоқтатқаннан кейін де Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген уақыт ішінде жарияламауға;

9) адамдардың өмірі мен денсаулығына және мүліктің сақталуына қауіп төндіретін жағдайдың туындағаны туралы қолбасшылыққа хабарлауға.

3. Келісім-шарт бойынша әскери қызметке қабылданатын адамның мыналарға құқығы бар:

1) Заңмен көзделген шектеулерді ескере отырып, Қазақстан Республикасының Конституциясымен және заңнамасымен кепілдік берілетін

құқықтар мен бостандықтарды пайдалануға;

2) жеке ар-ожданының құрметтелуіне, өзіне командирлер (бастықтар) және өзге де лауазымды адамдар тарапынан әділ және құрметпен қаралуына;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген нормалар бойынша және тәртіппен мемлекет есебінен ақшалай және заттай үлеспен қамтамасыз етілуіне;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес зейнетақымен, сақтандырумен қамсыздандырылуға, әлеуметтік және құқықтық қорғалуға;

5) біліктілігін, қабілетін, өзінің қызметтік міндеттерін адал атқаруын ескере отырып, қызмет бабында жоғарылатылуға;

6) негізсіз айыптаулар болған кезде қызметтік тексеруді талап етуге;

7) өмірі мен денсаулығының қорғалуына;

8) Заңда және Әскери (арнаулы) оқу орындары курсанттарының (тыңдаушыларының) келісім-шарт бойынша әскери қызметі туралы ережеде көзделген жағдайларда уәкілетті мемлекеттік органмен келісім-шартты ұзартуға, өзгертуге және бұзуға;

9) техника қауіпсіздігі мен гигиена талаптарына жауап беретін жұмыс жағдайларына;

10) демалуға;

11) әскери қызмет міндеттерін атқару кезінде өмірі мен денсаулығына немесе жеке мүлкіне келтірілген зиянды өндіріп алуға;

12) қызметтік міндеттерін атқаруға байланысты туындаған дауларды тараптардың келісімі бойынша немесе сот тәртібімен шешуге;

13) уәкілетті мемлекеттік органнан келісім-шартта тарапты білдіретін лауазымды адамның өкілеттіктерін растауды талап етуге;

14) өзінің кәсіби біліктілігін арттыруға;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тұрғын үйге;

16) қолданылып жүрген заңнамада көзделген басқа да кепілдіктер мен өтемақыларды алуға.

4.

_____ (уәкілетті мемлекеттік органның атауы)

әскери (арнаулы) оқу орнында оқу мерзіміне және бір мезгілде әскери (арнаулы) оқу орнын бітіргеннен кейін Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде офицерлік құрамның лауазымдарында күнтізбелік есеппен он жылға әскери қызметін өткеру туралы келісім-шарт бойынша әскери қызметке қабылданатын адам

_____ (тегі, аты, әкесінің аты)

қ а б ы л д а й

о т ы р ы п :

1) оқу бағдарламасын толық меңгерген кезде әскери (арнаулы) оқу орнында

әскери білім және офицерлік құрамның алғашқы әскери атағын бере отырып, тиісті біліктілік алуды қамтамасыз етеді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына және келісім-шартқа сәйкес әскери қызметтің тиесілі деңгейін қамтамасыз етеді;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сақтандыруды қамтамасыз етеді;

4) әскери қызметшіні Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген нормалар бойынша және тәртіппен ақшалай және заттай үлестің барлық түрлерімен, сондай-ақ олардың әскери қызмет міндеттерін атқаруы үшін қажетті құралдармен және материалдармен қамтамасыз етеді;

5) осы келісім-шартты жасасқан кезде келісім-шарт бойынша әскери қызметке қабылданатын адамды Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық кесімдерімен айқындалған лауазымдық міндеттерімен және әскери қызметті өткеру шарттарымен таныстырады;

6) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық кесімдерінде көзделген тәртіппен және жағдайларда әскери қызметшінің әскери қызмет міндеттерін атқару кезінде өмірі мен денсаулығына немесе жеке мүлкіне келтірілген зиянның орнын толтыруды қамтамасыз етеді;

7) келісім-шарт бойынша әскери қызметке қабылданатын адамды әскери қызметтің зиянды және қауіпті жағдайлары және кәсіптік науқастың болу мүмкіндігі туралы, сондай-ақ әскери қызмет міндеттерін атқаруға байланысты құқықтарының шектеулері туралы ескертеді;

8) әскери қызметшіні келісім-шартта көзделген лауазымға тағайындау туралы бұйрық шығарады.

5. Уәкілетті мемлекеттік орган лауазымды адамының мыналарға құқығы бар:

1) Заңмен және Әскери (арнаулы) оқу орындары курсанттарының (тыңдаушыларының) әскери қызметі туралы ережемен белгіленген жағдайларда келісім-шарт бойынша әскери қызметке қабылданатын (қабылданған) адаммен келісім-шартты жасасуға, ұзартуға, өзгертуге, бұзуға және тоқтатуға;

2) келісім-шартты жасасу кезінде әскери қызметке қабылданатын адамнан Заңның 16-бабында көзделген құжаттарды ұсынуын талап етуге;

3) өз өкілеттіліктері шегінде бұйрықтар шығаруға;

4) әскери қызметшілерді Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жарғыларымен белгіленген тәртіппен ынталандыруға, оларға тәртіптік жазалар қолдануға.

6. Келісім-шарт оған екі тарап қол қойған күннен бастап күшіне енеді және ол жасалған мерзім аяқталған соң немесе бұзуға байланысты өзінің қолданылуын тоқтатады.

Курсанттардың келісім-шарт бойынша әскери қызметінің басталуы келісім-шартта және әскери (арнаулы) оқу орнына қабылдау туралы бұйрықта көрсетілген күн болып саналады.

7. Әскери қызметші әскери (арнаулы) оқу орнын аяқтағаннан кейін әскери қызметті өткеруден бас тартқан немесе өз бастамасы бойынша келісім-шартты бұзған жағдайда ол мемлекетке өзін оқытуға жұмсалған бюджет қаражатының орнын толтырады. Ұстауға жататын сома келісім-шарттың мерзімі аяқталғанға дейін толық тыңдалмаған әр айына тепе-тең есептеледі.

8. Әскерге шақыру жасына жеткен курсанттың тәртіпсіздігі бойынша шығарылған жағдайда, егер ол әскери (арнаулы) оқу орнына түскенге дейін мерзімді қызметтің белгіленген мерзімін өткермеген болса, онда ол мерзімді әскери қызметті өткеру үшін әскери бөлімге жіберіледі. Бұл жағдайда әскери (арнаулы) оқу орнында оқыған уақыты мерзімді әскери қызметтің мерзіміне саналмайды.

9. Келісім-шарттың талаптары тараптардың орындауы үшін міндетті болып табылады, тараптардың даулары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шешіледі.

10. Келісім-шарт екі данада жасалды, бір данасы келісім-шарт бойынша әскери қызметке қабылданған адамға беріледі.

11. Қосымша талаптар _____

_____ (келісім-шарт бойынша әскери (уәкілетті мемлекеттік органның

_____ қызметке қабылданатын адамның _____ лауазымды адамының тегі, аты, тегі, аты, әкесінің аты) _____ әкесінің аты)

_____ (өз қолы)

_____ (өз қолы)

М.О.

200__ ж. " __ " _____

200__ ж. " __ " _____